

«Жұмабек Ахметұлы Тәшенев атындағы университет» АҚ
№11 Ғылыми кеңес мәжілісінің

ШЕШІМДЕРІ

Шымкент қаласы

25 ақпан, 2026 жыл

ШЕШІМ

1. Бердалиева Тілла Досыбекқызы - Ғылыми кеңес мүшесі құрамынан шығарылсын.
2. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Мамыт Амангелді Алтыбайұлы қабылдансын.
3. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Муминова Шолпан Самандаровна қабылдансын.
4. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Жунисова Ақнұр Атымтайқызы қабылдансын.

1.2024-2025 оқу жылындағы «Экономика және құқық» факультеті жұмысының қорытындысы бойынша кешенді тексеру және 2025-2026 оқу жылындағы даму перспективалары туралы

Шешім:

ШЕШІМ

1. Бердалиева Тілла Досыбекқызы - Ғылыми кеңес мүшесі құрамынан шығарылсын.
2. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Мамыт Амангелді Алтыбайұлы қабылдансын.
3. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Муминова Шолпан Самандаровна қабылдансын.
4. Ғылыми кеңес мүшесі құрамына Жунисова Ақнұр Атымтайқызы қабылдансын.

1. «Экономика және құқық» факультетінің жұмысын кешенді тексеру және тиімділігін арттыру жолдары комиссия төрайымы Ш.С.Муминованың «Экономика және құқық» факультетінің жұмысын

кешенді тексеру және тиімділігін арттыру жолдары» баяндамасы назарға алынсын.

2. «Экономика және құқық» факультетінің және «Экономика және басқару», «Құқықтану», «Халықаралық бизнес және менеджмент» кафедраларының стратегиялық даму жоспарының орындалу барысы бойынша есептер нақтыланып, жүйелендірілсін. Аталған жоспарлардың сапалы әрі уақтылы орындалуын қадағалау факультет деканы А.Е. Наурызбековаға жүктелсін. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 10 наурызға дейін.

3. «Құқықтану», «Халықаралық бизнес және менеджмент» кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуетін арттыру мақсатында профессор-оқытушылар құрамын ғылыми дәрежесіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкестендіру жұмыстары жүргізілсін. Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова, кафедра меңгерушілері Н.Р. Бижан, Л.Т. Сарыкулова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 маусымға дейін.

4. «Экономика және басқару», «Құқықтану», «Халықаралық бизнес және менеджмент» кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының Экономикалық және Құқықтық пәндер бойынша (72 сағаттық), Инклюзивті білім беру бойынша (72 сағаттық), Жасанды интеллект бойынша (кемінде 18 сағат) біліктілікті арттыру курстары сертификаттарымен қамтамасыз ету күшейтілсін. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 20 наурызға дейін.

5. Факультетте гранттық қаржыландыру бойынша ғылыми жобалар мен бағдарламалардың санын, сондай-ақ ғылыми жетекшілердің (Scopus және Web of Science дерекқорларындағы) жарияланымдарының санын арттыру бойынша жұмыстар күшейтілсін. Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова, кафедра меңгерушілері Е.А. Бакиров, Н.Р. Бижан, Л.Т. Сарыкулова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 маусымға дейін.

6. Жас оқытушылар мен білім алушылардың зерттеушілік құзыреттерін арттыру мақсатында Қазақстандық және Халықаралық ұйымдардың жетекші сарапшыларын тарта отырып, ғылыми зерттеулердің кешенді әдістерін қолдану, ғылыми жарияланымдар және гранттарға өтінім беру дағдылары бойынша тренингтер ұйымдастыру күшейтілсін. Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова, кафедра меңгерушілері Е.А. Бакиров, Н.Р. Бижан, Л.Т. Сарыкулова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 сәуірге дейін.

7. «Экономика және басқару» кафедрасы даярлайтын 7М04101 – «Экономика», 7М04105 – «Мемлекеттік және жергілікті басқару», 6В04106 – «Іскерлік әкімшілік» (ағылшын тілінде), 6В04107 – «Халықаралық бизнес», 6В06103 – «Басқарушылық ақпараттық жүйелер» (ағылшын тілінде), Құқықтану кафедрасы 6В04203 – «Басқарушылық және шаруашылық қызметті құқықтық реттеу» білім беру бағдарламалары бойынша кәсіби бағдар беру жұмыстары күшейтілсін. Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова, кафедра меңгерушілері Е.А. Бакиров, Л.Т. Сарыкулова, Н.Р. Бижан. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы тамызға дейін.

8.SD04101 – «Экономика» білім беру бағдарламасы бойынша докторантура ашу, 7M04210 – «Құқықтану», 7M04103 – «Қаржы» білім беру бағдарламалары бойынша лицензия алу жұмыстары жандандырылсын.

Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова, кафедра меңгерушілері Н.Р. Бижан, Е.А. Бакиров, жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлімінің басшысы Ж.Д. Абдуллаева, Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры А.К. Оралбекова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы тамызға дейін.

9. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы рейтингінде факультет білім беру бағдарламаларының ұстанымын (позициясын) арттыруға бағытталған нақты іс-шаралар жоспарын қамтитын кешенді жол картасы әзірленсін. Жауаптылар: факультет деканы А.Е. Наурызбекова. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 сәуірге дейін.

10. Факультетте жетекші шетелдік және отандық университеттермен халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша құжаттарды дайындау жұмыстары жүйелі түрде ұйымдастырылсын. Бейнедәрістер, бейнесабақтар әзірлеу, электрондық интерактивті мультимедиялық оқу контентін жаңарту және авторлық курстар дайындау жұмыстары күшейтілсін. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 сәуірге дейін.

11 «Экономика және басқару», «Құқықтану», «Халықаралық бизнес және менеджмент» кафедраларының профессор-оқытушылар құрамының ішкі және сыртқы академиялық ұтқырлығын жандандыру, шетелдік жетекші университеттерде тағылымдамадан өту және дәріс оқу жұмыстарын күшейту қамтамасыз етілсін. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 сәуірге дейін.

12. Факультетте даярланатын барлық білім беру бағдарламалары аясында практиканың барлық түрлері бойынша практика базаларының ауқымын кеңейту және сапасын арттыруға бағытталған кешенді жұмыстар жүйелі түрде жүргізілсін. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 1 сәуірге дейін.

13. Студентке бағдарланған жұмысты күшейту мақсатында білім алушылардың азаматтық белсенділігін, бастамашылдығы мен көшбасшылық қасиеттерін дамытуға бағытталған студенттік үйірмелер жұмысы жандандырылсын. Жауаптылар: факультет деканы және кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: жыл бойы.

14. «Экономика және құқық» факультетінің жұмысын кешенді тексеру және тиімділігін арттыру жолдары» комиссия төрайымы Ш.С. Муминованың анықтамасында көрсетілген ескертулер мен кемшіліктерді жою бойынша факультет деканы жол картасын әзірлесін. Жауапты: факультет деканы. Орындалу мерзімі: 2026 жылғы 25 наурызға дейін.

15. Кемшіліктерді жою бойынша іс-шаралардың орындалу барысы туралы факультет деканының есебі 2026 жылғы мамыр айындағы Ғылыми кеңес отырысында қарастырылсын. Жауапты: факультет деканы А.Е. Наурызбекова. Орындалуы: 2026 жылдың мамыр айы.

16. Осы шешімнің орындалуын бақылау Академиялық мәселелер жөніндегі проректор П.Т. Байнееваға жүктелсін.

2. Университеттің білім беру бағдарламаларын аймақтық еңбек нарығы сұранысына сәйкестендіру мәселелері.

Шешім:

2. Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімінің басшысы Ж.А. Нурмаганбетованың «Университеттің білім беру бағдарламаларын аймақтық еңбек нарығы сұранысына сәйкестендіру мәселелері» туралы баяндамасы назарға алынсын.

1. Кафедра меңгерушілеріне төмендегі тізімде берілген жаңа білім беру бағдарламаларын сапалық көрсеткіштері жоғары болатындай етіп дайындау бойынша жұмыстар жүргізілсін

№	Білім беру бағдарламасының аты	Инновациялық білім беру бағдарламасының
1	6B01901 – Арнайы педагогика	Агро-трейдер (Agro-trader)
2	7M01901 – Арнайы педагогика	ЗОО инженер-робототехник
3	7M04201 - Құқықтану	Агро-логистика менеджері
4	7M01501 – Математика педагогтерін даярлау	Экотуризм маманы
5	7M01502 – Физика педагогтерін даярлау	Туризмдегі цифрлық маркетинг
6	7M01504 – Химия педагогтерін даярлау	Туризмді тұрақты дамыту жөніндегі меңгерушісі
7	7M02111 - Fashion индустрия	Инженер-эколог (құрылыста)
8	6B07301- Сәулет ортасының дизайны	
9	7M01401-Дене шынықтыру және спорттық басқару педагогтарын даярлау	
10	7M06102 – Ақпараттық жүйелер	
11	6B03202 - Журналистика	
12	6B11103-Мейрамхана және қонақ үй бизнесі	

Жауаптылар : кафедра меңгерушілері. Орындалу мерзімі: 25.05.2026 ж. дейін.

2. Кафедра меңгерушілері қосдипломды білім беру бағдарламаларын сапалық көрсеткіштері жоғары етіп дайындау және реестрге енгізу бойынша жұмыстар жүргізсін. Жауаптылар: кафедра меңгерушілері, орындалу мерзімі: 25.04.2026 ж. дейін.

3. «Төртінші өнеркәсіптік революция» тұжырымдамасы аясында жасанды интеллект негізінде оқу-ғылыми платформаларды дамыту жобасы туралы

Шешім:

3.«Төртінші өнеркәсіптік революция» тұжырымдамасы аясында жасанды интеллект негізінде оқу-ғылыми платформаларды дамыту жобасы «Жасанды интеллект және инновация» факультетінің ашылуына байланысты, бұл мәселе бір ай бұрын Ғылыми кеңесте қаралғандықтан күн тәртібінен алынып тасталсын.

Әртүрлі мәселелер:

4.№9 Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдеріне орай «Педагогикалық және гуманитарлық білім беру факультетінің» деканы М.Мейірбеков және HR департаментінің директоры А.Маликованың Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есебі туралы

Шешім:

4.1.Ғылыми кеңес мәжілісінің шешімдерінің орындалуы туралы «Педагогикалық және гуманитарлық білім беру факультетінің» деканы М.Мейірбековтің есебі назарға алынсын.

4.2.Университеттің HR департаментінің директоры А.Маликованың Ғылыми кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде есебі назарға алынсын.

4.2 *Монография, оқу-әдістемелік құралдарды баспаға ұсыну туралы*

- 1.«Гуманитарлық ғылымдар» кафедрасы М.Б. Мейірбеков «Мырзашөл өнірінің ежелгі және орта ғасырлардағы тарихының ақтаңдақтары (Өлкетану бағыты бойынша)» монографиясы баспаға жіберілсін
2. «Экономика және менеджмент» кафедрасы А.А.Демесинова «Актуальные проблемы и перспективы развития энергетики Казахстана в современных реалиях» монографиясы баспаға жіберілсін.
- 3.«Әлем тілдері» кафедрасы Калдаяков К.К., Кеңес О.Т. «Негізгі шетел тілі (B2 деңгейі)» оқу құралы баспаға жіберілсін
4. «Әлем тілдері» кафедрасы А.А. Суюндиков., Ж.Ж.Мирзахмедова. «Негізгі шетел тілі (B1 деңгейі)» оқу құралы баспаға жіберілсін.
5. «Әлем тілдері» кафедрасы Шойманова М.Б. «Сын тұрғысынан ойлау» оқу құралы баспаға жіберілсін.
6. «Әлем тілдері» кафедрасы Г.Д.Есжанова., А.Ж.Изтилеуова. «Оқытылатын шетел тілдерінің негізі (фонетика, грамматика)» оқу құралы баспаға жіберілсін.
- 7.«Әлем тілдері» кафедрасы Ә.Н.Турлибек. «Кәсіби бағытталған шетел тілі» оқу құралы баспаға жіберілсін.
8. «Әлем тілдері» кафедрасы С.Т. Мирзагаликова Б.Т. Оналбай «Лингвоелтану» оқу құралы баспаға жіберілсін.

9. «Экономика және менеджмент» кафедрасы А.А.Демесинова, Ж.Ж.Темированың «Управление экономикой Казахстана» оқу құралы баспаға жіберілсін.
10. «Әлем тілдері» кафедрасы Тұрсынова Г.И., Айтжанова С.Е., Тұрсынова Т.Ж. «Екінші шетел тілі(А2)» оқу құралы баспаға жіберілсін.
11. «Әлем тілдері» кафедрасы Арысбаева Э.П. Хасанова У.И. «Тіл біліміне кіріспе» оқу құралы баспаға жіберілсін.
12. «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасы Р.А.Арынбаева «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» оқу құралы баспаға жіберілсін.
13. «Дене шынықтыруды оқытудың теориясы мен әдістемесі» кафедрасы Маханбетова А.Қ., Қуанышев Т.Ш., Орынбасар Қ.Қ. «Зерттеу нәтижелерін визуализациялау және елестету» оқу құралы баспаға жіберілсін.
14. «Өнер және көркем еңбек» кафедрасы У.Х. Мажитов., Г.А. Туманова «Хор дирижерлау технологиясы» оқу құралы баспаға жіберілсін.
15. «Өнер және көркем еңбек» кафедрасы Г.А. Туманова «Музыкалық терминдердің энциклопедиялық сөздігі» баспаға жіберілсін.
16. «Химия және биология» кафедрасы У.К. Курманбай Ш.С. Муминова «Дендрологиялық саябақтағы дәрілік өсімдіктер» оқу құралы баспаға жіберілсін.
17. «Әлем тілдері» кафедрасы. Л. К. Карабаева, М. Б. Жолдасова, М. М. Исламова. «Инновациялық технологиялар мен мектепте оқыту процесін ұйымдастыру» атты оқу-әдістемелік құралы баспаға жіберілсін.

4.3 Ғылыми атаққа ұсыну туралы

Шешім:

1. «IT және жаратылыстану ғылымдары» факультеті «Химия және биология» кафедрасының оқытушысы, а.ш.ғ.к., Құрманбай Үсен Кенжетайұлы қауымдастырылған профессор (доцент) міндетін атқарушы қызметіне ұсынылсын.

Ғалым хатшы



З.Жантасова